«Bil-bala»

Балаларды дамытуға арналған интерактивті дыбысты құралдар

Бүгінгі күні Еліміздің болашағы балаларлы тәрбиелеу мен дамытуда оларды ішінде балаға беймәлім тілдегі түрлі мазмұндағы ойындарға толы смартфондар мен түрлі гаджеттерге тәуелділіктен арылту мәселесі өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Себебі осы аталған түрлі гаджеттерге тәуелділік балалардың дұрыс сөйлеуін тежеп қана қоймай сол балақайларымыздың жүйке жүйесінің бұзылысына сондай-ақ тез ашуланшақ болуына баланың өзімен-өзі болып эгоист болып өсуіне әкеліп отыр.

Ал біздің ұсынып отырған «Bil-bala» интерактивті планшет пен кітапшаларымыз – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалып. Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласы қамтылған. Мысалы, бала кейіпкерлерге еліктеп солардың қимылдарын орындап түрлі жаттығулар жасайды, ол белгілі дыбыстарды, ертегілер мен әңгімелерді тыңдап, сол кейіпкерге еліктеп қайталап айтып береді, сол арқылы баланың танымдық, шығармашылық қабілеттері, ойлауы мен сөйлеуі және басқалары дамиды сонымен қатар мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл - қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады. Біздің ұсынатын өнімдердің басым бөлігі саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамыпытып, ынтасы арттырады..

Сондай-ақ бүгінгі күні өзекті болып отырған тағы бір мәселе мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің кеш шығуы немесе кеш сөйлеуі. Мұның үлкен себебі ата-ананың «жұмыс басты» болып баламен қарым-қатынас жасауға уақытының болмауы және өзі әлеуметтік желіде отырып, баланың тікелей қарым-қатынасқа мұқтаж болуынан осындай жағдайлар туындап отыр. Бұл жердегі біздің «Bil-bala» интерактивті дамыту құралдарының қызметі балалар үшін әженің, тәрбиешінің рөлін атқарып балалардың жасына сәйкес ойындар, өлеңдер, ертегілер мен әндерді автордың ырғақты дауысымен, анимациялық мультфильмдерді қолданып баланы қызықтыра отырып тыңдату, ойнату, үйрету.

Біздің мақсатымыз бала бойында ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет, кішіге ізет, достарына адал болуды, Отанға деген сүйіспеншілікті және т.б. тәрбиелеу.

Біздің ойыншықтарымыз балалар өзбетінше ойнауға ыңғайлы, бала саусақтарының көмегімен басып ойнай алады немесе өзіне ұнайтын ойындарды

таңдай алады. Нәтижесінде балада өзіне жат нәрсені тануға деген қызығушылығы артады. Сондай-ақ бұл алғаш рет ата тілінде шығарылып отырған отандық өнім онда баланың денсаулығына зиян келтірмеу жағы барлығы қарастырылған.

Бүгінгі күнгі тағы бір атап өтетін ата-аналар үшін маңызды мәселелердің бірі баланы бірінші сыныпқа сапалы даярлау болса осы бір үлкен міндетті де атқаруда маңызы зор. Бала өзбетінше жалықпай, шаршамай алдында айтып откен Үлгілік бағдарламада қарастырылған міндеттерді шешіп, жан-жақты дайындалуына ықпал етеді. Балабақшадағы педагогтардың міндеті «ойната отырып үйрету» болса осы аталған міндетті шешуде көмекші құрал ретінде де пайдасы зор.